

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.  
ГУМИЛЕВА**

**"ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
ДАМУЫ: ШЫНДЫҒЫ МЕН БОЛАШАҒЫ"  
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ  
международной научно-практической конференции  
"СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ НЕЗАВИСИМОГО  
КАЗАХСТАНА: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ"**



**9 желтоқсан, 2021  
Нұр – Сұлтан**

**ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)**

**ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73**

**T29**

**Редакция алқасы**

*МАЙДЫРОВА А.Б.* - төрайым, э.ғ.д., профессор, кафедра меңгерушісі,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*БАЙЖОЛОВА Р.А.* - э.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М.* - э.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ТЛЕСОВА Э.Б.* - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*БЕРЖАНОВА А.М.* - э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ЖАНАБАЕВА Ж.К.* - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*АУЕЛБЕКОВА А.К.* - э.ғ.к., доцент Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ДОСМАҒАНБЕТОВ Н.С.* - э.ғ.м., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*КАЗБЕКОВА З.К.* - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*НҰРЛАНҰЛЫ А* - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

**ISBN 978-601-337-610-3**

**T29** "Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы: шындығы мен болашағы" атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 361 б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции "Социально-экономическое развитие независимого Казахстана: реалии и перспективы". – Нур-Султан: ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2021. – 361 с.

Works of the International scientific - practical conference "Socio-economic development of independent Kazakhstan: realities and prospects". - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2021. – 361 p.

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

**ISBN 978-601-337-610-3**

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2021

5. Официальный сайт РСБС. Программы государственной поддержки Сингапура. URL: <https://www.rsbu.org/biznes-v-singapore/38-gos-podderzhka-biznesa.html>

6. Йео М. 4 пути поддержки малого бизнеса в Сингапурском бюджете на 2021 год. 12 марта 2021. URL: <https://osome.com/sg/blog/singapore-budget-2021-supporting-small-business/>

7. Как государство поддерживает малый и средний бизнес во время пандемии коронавируса? 5 апреля 2021 года. URL: <https://www.pgpf.org/blog/2021/02/how-is-the-government-supporting-small-businesses-during-the-coronavirus-pandemic>

8. Официальный сайт проекта «Doing Business». Рейтинг стран. URL: <https://russian.doingbusiness.org/ru/rankings>

## **ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІНДЕГІ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІҢ ДАМУ ЖАҒДАЙЫ**

**Бауыржан Ж.**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

[zhansayamy@gmail.com](mailto:zhansayamy@gmail.com)

Қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасының өз алдына қойып отырған міндеттерінің бірі - шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға негізделген. Шағын және орта бизнесті дамыту экономикалық өрлеудің және әлеуметтік-саяси жаңғыртудың басты құралы ретінде көрініс табууда. Демек, шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі мемлекетімізде артқан сайын халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы да жақсара түседі. Сонымен бірге, шағын және орта кәсіпкерлік – экономиканың тиімді әрі нәтижелі секторы. Шағын және орта кәсіпкерлік жұмыссыздықты жоюда, нарыққа қажетті тауарларды жеткізуде, жеке өндірушілердің монополиясын шектеуде және экономиканы тұрақтандыруда шешуші фактор болып табылады.

«Отандық кәсіпкерлік жаңа экономикалық бағыттың қозғаушы күші болып табылады. Шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі 2030 жылға қарай ең аз дегенде екі есеге өсуі тиіс» [1]. Еліміздің экономикасында, оның ішінде шағын және орта бизнестегі қарқын жыл сайын үдеп келеді. Ол өз кезегінде, аймақтардың, яғни облыстардағы шағын және орта бизнестің көлемінің артқанын білдіреді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында атап өткендей [2], бізде шағын және орта бизнестің 800 мыңнан астам субъектісі бар, онда 2,4 миллионнан астам қазақстандық еңбек етеді. Бұл сектордағы өнім көлемі төрт жылда 1,6 есе өсті және 8,3 млрд. теңгені құрап отыр. Шағын және орта бизнес 2050 жылға қарай Қазақстанның ішкі

жалпы өнімінің қазіргі 20% орнына кемінде 50% өндіретін болады» деп шағын және орта кәсіпкерліктің маңызын атап көрсеткен болатын.

Орталық Қазақстан аймағы мемлекетіміз үшін негізгі өндіруші аймақтардың бірі саналатыны бәрімізге мәлім. Ал соның ішінде аймақ экономикасының маңызды элементі ретінде - шағын және орта бизнестің дамуын санауға болады. Осыған байланысты оның даму шарттары аймақтық деңгейде жүзеге асырылатын саясатқа байланысты деп ойлаймын.

Орталық Қазақстан өңірі экономикасындағы шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі жыл сайын артып келеді. Қазір ол 16-17% деңгейінде. Шағын және орта бизнес барлық жұмыспен қамтылған еңбекке қабілетті халықтың 38% - ын жұмыспен қамтамасыз етеді [3]. Осыған байланысты ШОБ субъектілері халықаралық нарықтардағы металдарға және басқа да экспорттық позицияларға баға конъюнктурасының өзгеруіне қарамастан өңірге қосымша тұрақтылық береді деп айтуға болады.

Қазіргі уақытта облыста 90 мыңға жуық шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері бар. Бұл сегменттің жыл сайынғы өсу қарқыны шамамен 10% құрады. Өткен жылы пандемияға байланысты бірнеше басқа көрсеткіштер болды, олар 3% - ға өсті. Бүгінде шағын және орта бизнес облыс экономикасына 1,6 трлн теңге береді. Өсу қарқыны бойынша бұл ел бойынша үшінші көрсеткіш. Осыған байланысты өңірдегі шағын және орта бизнестің дамуын бағалау мәселесін зерттеу өте маңызды деп санаймын.


Бүгінгі таңда өңір бойынша жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерің саны жыл сайын артып келеді. Ол 1-кестеде көрсетілген.

**Кесте 1 Қарағанды облысының 2016-2020 жылдары жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны**

	2016	2017	2018	2019	2020	Ауытқуы	
						+, -	%
Қарағанды облысы	86 221	80 589	84 067	88 684	88 990	2769	103,1
Ескерту: ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша жасалды [4]							


Қарағанды облысында жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны 2020 жылы 88,9 мың бірлікті немесе 2016 жылдың тиісті кезеңіне 103,1% – ды құрады (2016 жылы-86,2 мың бірлік).

Бүгінгі таңда өңірдің шағын және орта бизнесінің құрылымында жеке кәсіпкерлер ең көп үлесті алады – 66% (58,7 мың бірлік), одан кейін шағын және орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар – 21,3 % (18,9 мың бірлік), шаруа қожалығының үлесіне – 12,7% (11,2 мың бірлік) тиеді. Сурет 1-де көрсетілген.



**Сурет 1. Қарағанды облысының жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің 2020 жылғы құрылымы, %.**

Облыстың жалпы жұмыспен қамтылуында ШОК үлесі 38% - ды құрайды және 233,4 мың адамды құрайды, бұл республикалық көрсеткіштен 0,1 пайыздық тармаққа жоғары (республика бойынша үлесі 37,9% - ды құрайды). Оның ішінде көп үлесті жеке кәсіпкерлік алады. Яғни жұмыспен қамтылғандар саны - 101,3 мың адам немесе Қарағанды облысының ШОБ-де жұмыс істейтіндердің жалпы санының 43,4%-ын құрайды. Сурет 2-де көрсетілген.




**Сурет 2. 2016-2020 жылдары ШОБ-те жұмыспен қамтылғандар саны, адам**

Өңірде шағын және орта бизнесте жұмыспен қамтылғандар әр жыл сайын оң өсім көрсетуде. Мысалы, 2016 жылдан 2017 жылға дейінгі өсім 3724 адамды құрады. Ал 2017 жылдан 2018 жылға қарай ол 104,3%-ды құрады. Келесі екі жылда да шағын және орта бизнеспен айналысатындар саны өсім берді. 2019 жылы ол 238,97 мың адамды қамтыса, 2020 жылы - 245,7 мың адамды құрады.

2020 жылдың қорытындысы бойынша экономикалық қызмет түрлерінен шағын және орта кәсіпкерлікпен белсенді айналысатындардың ең көп саны жеке кәсіпкерлікпен айналысатындардың көбісі өңдеуші өнеркәсіп саласына, тау-кен қазу саласына және көтерме және бөлшек сауда салаларында жұмыс жасайды.

Қарағанды облысының шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерімен 2020 жылы 1120,1 млрд. теңге сомасына өнім өндірілді. Сурет 3-те соңғы 5 жылдағы ШОБ субъектілерінің өнім шығару көлемі көрсетілген.



**Сурет 3. Қарағанды облысының ШОБ субъектілерінің 2016-2020 жылдары аралығында өнім шығару көлемі, млн. Теңге**

Өндірілген өнімнің ең үлкен үлес салмағы 2020 жылы шағын кәсіпорындар – 67,0%, одан кейін орта кәсіпорындар – 17,1%, үшінші орында жеке кәсіпкерлік өкілдері-11,7% [4]. Дүниежүзілік пандемияға қарамастан 2020 жылдағы өнім шығару көлемі қысқармай керісінше артты. Көрсеткіштер ішіндегі ең үлкен ауытқу 2018 жыл мен 2019 жылдары болған. Ол ағымдағы жылы 48,7% өсімді көрсетті.

Шағын және орта кәсіпкерліктің дамуының заманауи шарттары – нарықтық ортада жұмыс істеуге барынша дайын болуы тиіс кәсіпкерлердің контингентін жаңарту қажеттілігін анықтайды[5]. Орталық Қазақстан өңірінің шағын және орта бизнесінің көрсеткіштерін салыстырмалы түрде қараған соңғы 5 жылда ШОБ-те жұмыспен қамтылғандар саны жағынан жыл сайынғы біркелкі өсім байқалса, жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны да арта түскен. Сонымен қатар Қарағанды облысының ШОБ субъектілерінің өнім шығару көлемі де жыл сайынғы өсімді берген. Бұл өз кезегінде өңір бойынша шағын және орта бизнес саласының жақсы инвестициялық климаты және даму үшін жеткілікті қолайлы жағдайлары бар деп қорытынды жасауға болады. ШОБ облыс бойынша барлық жұмыс орындарының 18% - ын береді. Жыл сайын бұл үлес артып келеді. Бұған "Ауыл – ел бесігі", "Еңбек", «Жұмыспен қамтудың жол карталары» және басқа да бірқатар мемлекеттік бағдарламалар ықпал етуде. Олар сондай-ақ өңірдегі ШОБ қарқындап дамуына, жаңа кәсіпорындарын ашуға мүмкіндік беретіні анық.

Орталық Қазақстан өңірі экономикасының қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін, шағын және орта кәсіпкерлік секторы үшін мамандарды ұдайы даярлауды жүзеге асырып отыру қажет. Сонымен бірге шағын және орта бизнестің рөлінің артуын кәсіпкерлер форумының тұрақты жүргізілуі шағын кәсіпкерлікті дамыту қорының құрылу, барлық екінші деңгейлі банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне несие берудің минимал мөлшерін тағайындаулары қажет деп есептеймін.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан-2050» Стратегиясы. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті - Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстандық жол – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты [Электрондық ресурс].

3. <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda?lang=kk>. Қарағанды облысы әкімі Жеңіс Қасымбектің 2020 жылғы есеп беруі

4. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы

5. Назарова, Г. Н. ҚР шағын және орта бизнесі даму тенденциялары / Г. Н. Назарова, Руслан Толегенов. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2018. — № 5.1 (191.1). — С. 62-65. — URL: <https://moluch.ru/archive/191/48245/> (дата обращения: 30.11.2021).

## МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ШЕШІМДЕРІНІҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

**Гайдарұлы Ж.**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

[zhandos\\_99@inbox.ru](mailto:zhandos_99@inbox.ru)

Қазіргі жағдайда бағдарламалық және мақсатты бюджеттеуге көшуге байланысты жаһанда жүзеге асырылатын мемлекеттік басқарушылық шешімдердің әртүрлі түрлерін сапалы жақсарту мәселесі ерекше өзекті болып отыр. Бағдарламалық іс-шаралар әрқашан өз мақсаттарына жете ме? біз қандай нәтижелерге қол жеткіземіз? бағдарламалық құжаттарды қалай жетілдіру керек? Бұл сұрақтарға сенімді жауап алуға басқарушылық шешімдерді іске асыру барысында нәтижелерді неғұрлым барабар өлшеуге мүмкіндік беретін бағалау әдістері мен рәсімдерін әзірлеуді және енгізуді талап ететін тиімді бағалау құралдары қолданылған жағдайда ғана мүмкін болады. Бұл мәселенің стратегиялық маңыздылығына қарамастан, бүгінгі күнге дейін ресейлік немесе шетелдік тәжірибеде әр түрлі деңгейдегі мемлекеттік басқарушылық шешімдердің бағалау жүйесін құруға мүмкіндік беретін бірыңғай әдістеме құрылған жоқ. Қазақстан Республикасында да бірқатар бағдарламаларды іске асыру нәтижелерін талдау олардың көпшілігі үшін ортақ болып табылатын мақсатты индикаторлардың орындалмауы және нәтижесінде жоспарланған нәтижелерге қол жеткізілмейтіндігін көрсетеді. Қалыптасқан жағдай мемлекеттік бағдарламаларды басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған